

6-дәріс. **Саяси режимдер**

Дәріс жоспары:

1. Саяси режим түсінігі мен параметрлері
2. Саяси режимдер типологиясы және ерекшеліктері

Саяси режим (тәртіп)


Саяси тәртіп – саяси билікті жүзеге асыруға қолданылатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы және қоғамдағы еркіндік деңгейі

Саяси режимді анықтайтын параметрлер:

- **Билік кімнің қолында?**
- **Келісімге қалай келеді?**
- **Үкімет билігі бір орталыққа бағына ма, әлде орталықсыздандырылған сипат ала ма?**
- **Үкіметтегі билікке қалай жетуге болады?**
- **Материалдық даму деңгейі қандай?**
- **Экономикалық өмір қалай ұйымдастырылған?**
- **Режим тұрақты бола ала ма?**

Саяси режимнің заманауи жіктелімі

- Батыс либерал демократиясы
- Бейлиберал демократия
- Шығысазиялық режимдер
- Ислам режимдері
- Әскери режимдер




Саясаттану ғылымы саяси тәртіптің 2 түрін көрсетеді:
демократиялық және ***антидемократиялық***

Демократия

Авторитаризм

Тоталитаризм

Бриикерхоф Д, Уейтс Р., Ортега С. «Әлеуметтану негіздері»
оқулығындағы қазіргі кездегі демократиялы және авторитарлы
елдер картасы



Тоталитаризм

Тоталитаризм (латынның *total – бүтін, тұтас* деген ұғымын білдіреді) – қоғам, адам өмірінің барлық салалары тұтасымен мемлекеттік бақылауға алынған мемлекеттік-саяси құрылым

Тоталитаризмнің үш түрі ХХ ғасырда болған. Олар: Италиядағы Муссолини кезіндегі **фашизм**, Германиядағы Гитлер кезіндегі **национал-социализм** және Кеңес Одағындағы Сталин негізін салған **коммунизм**



Тоталитаризмнің белгілері:

1. Өндіріс, экономика, бұқаралық ақпарат құралдары, білім, мәдениет, адамдардың жеке өмірі – бәрі тек мемлекеттің бақылауында болуы
2. Сөз бостандығының болмауы
3. Жеке меншік, бәсекелестік, нарықтық қатынастарға жол бермеу
4. Азаматтық қоғамның элементтері жұмыс істегенімен, ол тұтасымен мемлекеттің қарамағында болуы
5. Жеке басқа табынушылық, бір партияның идеялық күштілігі
6. Мемлекеттің идеясына қарсы шыққандарды «халық жауы» деп санау. Оппозицияны болдырмау



Авторитаризм

Авторитарлық режим тоталитарлық қоғамнан демократиялық қоғамға өтетін кезең, бұл күшті тәртіпке негізделген, жеке адамның билігі қалыптасқан режим

Авторитаризмде
халық
басқарушыны
таңдай алмайды
және заң жүзінде
ауыстыра алмайды



Авторитаризмнің белгілері

1. Авторитарлық режим кезінде тоталитаризмнің де демократияның да белгілері кездесе береді
2. Негізгі құқықтар мен бостандықтар сақталады
3. Билік бір адамның немесе топтың қолында болады
4. Шектелген плюрализм
5. Сайлау өткенімен, оның нәтижесі алдын ала белгілі болады
6. «Қуыршақ» оппозиция



Демократия



Демократия – көпшіліктің қалауына сәйкес басшылықты ауыстыру үшін тұрақты әрі заңды мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін саяси жүйе

Демократия ұғымы көне грек ойшылы Геродоттың еңбегінде кездеседі.

Ежелгі дәуірдің ойшылдары демократияны биліктің нашар түрі деп сынаған



Демократияның белгілері:

- Билік көзі халықта;
- Сөз бостандығы;
- Азаматтардың құқықтары мен еркіндігі жоғары құндылық
- Азаматтардың тең құқықты болуы;
- Сайлаудың ашық жүргізілуі;
- Азшылықтың көпшілікке бағынуы



Өлшемдер	Саяси тәртіптер		
	Демократиялық	Авторитарлы	Тоталитарлы
Мемлекет басшысының өкілеттілігі	Заңмен шектелген	Нақты шектелмеген	Іс жүзінде шектелмеген
Билік бөлінісі	Тәжірибеде жүзеге асырылады	Атқарушы билік заң шығарушы және сот билігінен үстем	Мойындалады (жасанды)
Партиялар	Көппартиялық	Биліктегі партия мемлекеттендірілген	Бір ғана партия
Идеология	Саяси плюрализм	Бір идеологияның үстемдігі	Бір ғана ресми идеология
Құқықтар мен бостандықтар	Заңмен тыйым салынбағанның барлығына рұқсат	Саясатқа қатысы жоқтың барлығына рұқсат	Бұйрық етілгендер ғана рұқсат
Оппозиция	Заңды қызмет етеді	Тыйым салынады немесе жалған оппозиция қалыптасады	Терістеледі
Жазалаушы органдар	Заңмен қатаң реттелген	Жасырын саяси тінту жүзеге асырылады	Саяси қуғын-сүргін жаппай жүргізіледі